

Қазақстан Республикасының теңізшісі жеке куәлігінің үлгісін және оны қорғауға қойылатын талаптарды, Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларын бекіту және "Қазақстан Республикасының теңізшісі жеке куәлігінің, теңізде жүзу кітапшасының, дипломдарды растаудың үлгісін, оларды ресімдеу, беру, мерзімін ұзарту, сондай-ақ алып қою қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 шілдедегі № 797 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 863 қаулысы.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 2-тармағының 31-2) тармақшасына және "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының теңізшісі жеке куәлігінің үлгісі және оны қорғауға қойылатын талаптар;

2) Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 623 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасының теңізшісі жеке куәлігінің үлгісі және оны қорғауға қойылатын талаптар

1. Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігі (бұдан әрі – ТЖК) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының 9303-құжатының 3-бөлігіндегі (алтыншы басылым, 2006 жыл) талаптарға және машина оқитын жол жүру құжаттарына қойылатын халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес машинамен оқу үшін жарамдылығына сәйкес теңізде жұмыс істеу ерекшеліктерін ескере отырып, жоғары сапалы материалдардан жасалады.

2. ТЖК мөлшері – 84 x 118 миллиметр. Ламинатталған ТЖК бланкісінің форматы – 88 x 125 миллиметр.

3. ТЖК-да жазулар мемлекеттік және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

4. ТЖК бланкісінің (1-суретке сәйкес) беткі және (2-суретке сәйкес) артқы жақтары болады. Бланкінің түстік реңкі – көгілдір.

5. ТЖК-нің беткі жағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы, құжат үлгісі және Қазақстан Республикасының коды, теңізшінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні мен жері, азаматтығы, жынысы, жеке сәйкестендіру нөмірі , ТЖК иесінің фотобейнесі және жеке қолы басылған түрде орналастырылады. Машина оқитын екі өлшемді штрих-кодқа қол саусақтарының іздері негізінде жасалған иесінің биометрикалық деректері орналастырылған. Бұдан басқа беткі бөлігі ТЖК-нің берілген күні, орны және қолданылу мерзімінің аяқталатын күні туралы ақпаратты қамтиды.

ТЖК-нің беткі жағы екі бөліктен тұрады:

жоғарғы бөлігі – көрнекі аймақ, онда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы және мынадай жазулар орналастырылған:

Қазақстан Республикасы

Republic of Kazakhstan

ТЕҢІЗШІНІҢ ЖЕКЕ КУӘЛІГІ

SEAFARER'S IDENTITY DOCUMENT

Түрі/Type

Мемлекет коды/Code of issuing State

№ ТЖК/SID's №

Тегі/Surname

Аты, Әкесінің аты /Given names

Азаматтығы/Nationality

Жынысы/Sex

Туған күні/Date of birth

Туған жері/Place of birth

Берілген күні/Date of issue

Қолданылу мерзімі/Date of expiry

төменгі бөлігі:

қол саусақтарының іздері негізінде жасалған және цифрлық түрде берілген құжат иесінің биометрикалық деректері орналасқан екі өлшемді штрих-код;

құжат иесінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні мен құжат нөмірінен тұратын 2 жолды қамтитын машина оқитын аймақ.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 25.08.2018 № 520 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. ТЖК-нің артқы бетінде иесінің ерекше физикалық белгілері, ТЖК-ні берген орган туралы мәліметтер, ТЖК-ні берген органның пошталық мекенжайы, телефон (дар) нөмірі (лері), электрондық пошта мекенжайы және интернет-ресурсы орналастырылады.

Артқы бетінде мынадай жазулар орналастырылған:

Ерекше белгілер/Special physical characteristics

Беруге рұқсат ету/Authorized by

Қолы/Signature

Құжатты берген мекеменің мекенжайы/Authority address

Үйлестіру орталығы/Coordination center

Халықаралық еңбек ұйымының Теңізшілердің жеке куәліктері туралы 2003 жылғы (қайта қаралған) конвенциясының мақсаттары үшін осы құжат теңізшінің жеке куәлігі болып табылады.

Осы құжат дербес мазмұнды және паспорт болып табылмайды.

This document is a seafarer's identity document for the purpose of the Seafarer's Identity Documents Convention (Revised), 2003, of the International Labour Organization. This document is a stand – alone document and not a passport.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 25.08.2018 № 520 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. ТЖК-да орналастырылатын ақпараттың негізгі сипаттамалары:

1) берген орган: берген мемлекеттің ИСО (ISO) коды, ТЖК-ні берген ұйымның толық атауы мен толық мекенжайы, сондай-ақ ТЖК-ні беруге рұқсат ететін адамның аты мен лауазымы;

2) берілген күні мен орны;

3) жынысы;

4) туған күні мен орны;

5) азаматтығы туралы ақпарат;

6) ерекше физикалық белгілері: тұлғаны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін кез келген ерекше белгілері;

7) құжаттың қолданылу мерзімінің аяқталатын күні;

8) құжат түрі;

9) ТЖК-нің бірегей нөмірі: Қазақстан Республикасының коды – "KAZ", одан кейін ең көбі он белгіден тұратын әріп-цифрлық есепке алу нөмірі келеді;

10) жеке сәйкестендіру нөмірі: ең көбі он төрт әріп-цифрлық белгіден тұратын теңізшінің факультативтік жеке нөмірі;

11) ТЖК иесінің қолы фотосуретке арналған аймақ астына қойылады.

8. Қолдан жасаудан қорғау үшін бланкі мыналардан тұрады: су белгілері, қорғаудың ультроқұлгін элементтері, арнайы бояуларды пайдалану, арнайы түрлі-түсті дизайндер, перфорацияланған бейнелер, голограммалар, лазерлік нақыштау, микромер және термикалық ламинаттау.

9. ТЖК бланкісіне бланкіні және оған жазылған жазуларды қолдан жасаудан қорғауға арналған қосымша элементтер енгізілуі мүмкін.

10. Қолдан жасау және басқа да сыртқы әсерлерден қорғау үшін ТЖК бланкісі толтырылғаннан кейін ламинатталады. Ламинаттық пакеттің қабаттарын дифракциялық элементтермен қорғауға рұқсат етіледі.

1-сурет. Алдыңғы беті



2-сурет. Артқы беті



Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 863 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидалары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына, "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 2-тармағының 31-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке

куәлігін (бұдан әрі - ТЖК) ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. ТЖК теңіз кемесі (әскери кемемені қоспағанда) бортында оның экипажының, сондай-ақ сауда мақсатында теңізде жүзу (бұдан әрі - кеме) мақсаты үшін пайдаланылатын аралас (өзен-теңіз) жүзу кемесі құрамында жұмыс істейтін, оқу орнында оқитын және кемелерге практикадан өту үшін жіберілетін иесінің жеке басын куәландыратын құжат болып табылады.

ТЖК 1958 жылғы Теңізшілердің жеке куәлігі туралы конвенцияны қайта қарайтын Конвенцияға (№ 185 конвенция) сәйкес пайдаланылады.

3. ТЖК кеме бортында жұмыс істейтін немесе жүзу практикасынан өту үшін кемелерге жіберілетін оқу орындарында оқитын Қазақстан Республикасының азаматтарына беріледі.

ТЖК сондай-ақ Қазақстан Республикасында тіркелген кемеде жұмыс істеу үшін жалданған шетелдіктерге және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға беріледі.

ТЖК бес жыл қолданылу мерзімімен беріледі.

4. ТЖК-ні ресімдеуді, беруді, ауыстыруды, тапсыруды және жоюды Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісім бойынша сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі - Порттың теңіз әкімшілігі (бұдан әрі - ПТӘ) жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. № 185 Конвенцияның талаптарына сәйкес ТЖК-ні ресімдеу, беру және бақылау жүйесінің үйлестіру орталығы (бұдан әрі – үйлестіру орталығы) құрылады.

Үйлестіру орталығы берілген ТЖК-нің түпнұсқалығына және дұрыстығына қатысты иммиграциялық қызметтерден және № 185 Конвенцияға қатысушы барлық мемлекеттердің басқа да құзыретті органдарынан келіп түсетін сұрау сұрауларды қанағаттандыруды жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 25.08.2018 № 520 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. ТЖК-ні ресімдеу тәртібі

6. ТЖК-ні ресімдеу үшін өтініш беруші ПТӘ-ге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беруші туралы мәліметтерді қамтитын ТЖК-ні беру туралы өтініш-сауалнама (бұдан әрі – өтініш-сауалнама);

2) жеке басын куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар үшін);

3) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 25.08.2018 № 520 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4) өтініш беруші кеме бортында оның экипажы құрамында кез келген ретте жұмыс істейтінін растайтын құжат (жоқ болған жағдайда дипломдар, маманның біліктілік дайындық деңгейіне сәйкестігін растайтын біліктілік және арнайы куәліктер, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша медициналық анықтама қабылданады);

5) оның еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек кітапшасы, одан үзінді, жұмыс орнынан анықтама, кемеде жүру кітапшасы) не оқу орнынан анықтама.

Көрсетілген құжаттармен бірге олардың көшірмелері ұсынылады. Салыстырып тексеруден кейін құжаттардың түпнұсқалары олардың иесіне қайтарылады.

7. Жеке басты куәландыратын құжат ретінде мынадай құжаттар ұсынылады:

1) Қазақстан Республикасының азаматына – Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжат;

2) шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматына – Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінде консулдық есепке қойылуы туралы таңбасы бар Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;

3) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматына – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ыхтиярхат және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке басты куәландыру ретінде танылатын азаматтығы мемлекеті берген өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат;

4) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі.

8. Өтініш берушінің кемеде жұмыс істейтінін растайтын құжат ретінде мынадай құжаттар ұсынылады:

1) Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген тәртіппен тіркелген және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес капитанды және экипаж мүшелерін жалдауға құқығы бар кеме иесінің ұсынысы;

2) кемеде өтініш берушінің айналысатын қызметі туралы жазу бар теңізде жүзу кітапшасы;

3) Қазақстан Республикасының портынан шығатын кеме менің кемелік рөлі (ерекше жағдайларда, рейске шығатын кеме экипажының мүшесін ауыстыру қажет болған кезде).

9. ТЖК беруге арналған құжаттарды ПТӘ-ге ұсынуды өтініш берушінің өзі жүзеге асырады.

Осы Қағидалардың 6-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда ПТӘ-нің қызметкері көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін ТЖК беру мүмкіндігі туралы өтініш берушіні хабардар етеді.

ТЖК-ні ресімдеу және беру мерзімі өтініш берушінің осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарын қабылдаған сәттен бастап сегіз жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 02.03.2020 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Портында кеме тұрған мемлекетке немесе транзитпен өту мемлекетіне шығу (кіру) мәселесін шешу үшін үйлестіру орталығына шет мемлекеттердің иммиграциялық билік органдарының және басқа да құзыретті органдарының сұрау салуы бойынша ТЖК иесінің биометрикалық деректерін жіберуге құқық беру үшін өтініш беруші ТЖК ресімдеу барысында алынған биометрикалық деректердің шаблонын оның мүддесінде пайдалануға арналған өтініш-сауалнамада қамтылатын рұқсатқа қол қояды.

11. Өтініш-сауалнамаға өтініш беруші өтініш-сауалнаманы қабылдайтын ПТӘ қызметкерінің қатысуымен қол қояды.

12. Өтініш берушінің құжаттарын қабылдау аяқталған соң цифрлық камераны пайдалану арқылы оны суретке түсіру және арнайы сканерді пайдаланып, қол саусақтарының таңбасын алу жүргізіледі.

13. Өтініш берушілерден қабылданған өтініш-сауалнамалар және құжаттар көшірмелері ПТӘ-де есепке алынуға жатады. Құжаттарды қабылдау аяқталған соң өтініш берушіге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес қолхат-хабарлама беріледі, онда қабылданған құжаттардың тізбесі және олардың қабылданған күні келтіріледі.

14. ТЖК-ні ресімдеу туралы шешім қабылдау үшін мынадай негіздердің болуын тексеру жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығы;
- 2) шетел азаматына және азаматтығы жоқ тұлғаларға Қазақстан Республикасында тұруға рұқсат;
- 3) өтініш берушінің кемеде жұмыс істейтінін растайтын құжаттар;
- 4) өтініш берушіде қолданылу мерзімі өтпеген біреуден аспайтын ТЖК-нің болмауы;
- 5) ТЖК-ні ресімдеуді ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу.

15. ТЖК-ні ресімдеуді ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу бес жұмыс күніне дейінгі мерзімде өтініш-сауалнаманы Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі бойынша жіберу арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 02.03.2020 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. ТЖК-ні ресімдеуді келісу кезінде ұлттық қауіпсіздік органдары келісу туралы ақпаратты Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы жібереді.

Өтініш берушіге қатысты ТЖК-ні беруді келісуге кедергі келтіретін мән-жайлар анықталған жағдайда, ұлттық қауіпсіздік органдары бұл туралы ПТӘ-ге Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы хабарлайды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 02.03.2020 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Келісуге жіберілетін өтініш-сауалнамаларды тіркеу осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ТЖК беруді келісу журналында жүргізіледі. Дәл осы журналға келісу нәтижелері жазылады.

18. Осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттарды тексеру және ұлттық қауіпсіздік органдарының келісу нәтижелері бойынша ПТӘ қызметкері осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес ТЖК-ні ресімдеу және беру үшін негіздердің болуын тексеру нәтижелері туралы жазбаша қорытынды дайындайды.

19. Көрсетілген қорытынды өтініш берушінің құжаттарымен бірге ТЖК-ні ресімдеу туралы шешім қабылдау үшін ПТӘ-нің уәкілетті лауазымды қызметкеріне қарау және оң шешілген жағдайда құжаттарды ТЖК-ні толтыруға жауапты қызметкерге беру үшін ұсынылады.

20. Осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген (өтініш берушінің кемеде жұмыс істейтінін растайтын құжаттан басқа) ТЖК-ні ресімдеу үшін негіздерді тексерулердің теріс жағдайында ТЖК ресімделмейді. Бұл жағдайда өтініш берушіге осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ТЖК-ні беруден бас тарту туралы жазбаша хабарлама беріледі, онда ТЖК-ні беру үшін кедергі болатын негіз және ТЖК-ні беруден бас тарту туралы шешімнің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

21. ТЖК-ні ресімдеу техникалық құралдарды пайдалана отырып, ТЖК бланкісін толтыруды қамтиды.

22. ТЖК бланкісін толтыру былайша жүзеге асырылады:

- 1) ТЖК иесінің тегі, аты, әкесінің аты бас әріптермен көрсетіледі;
- 2) "Жынысы/Sex" бағаны: "М" - ер адамдар үшін, "F" - әйел адамдар үшін;
- 3) "Азаматтығы/Nationality" бағаны:

Қазақстан Республикасы азаматтары және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматтары үшін азаматтығы "/" белгісі арқылы қазақ және ағылшын тілдерінде көрсетіледі;

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар үшін "азаматтығы жоқ/statless" деп көрсетіледі;

4) "Туған кезі/Date of birth", "Берілген кезі/Date of issue" және "Қолданылу мерзімі/Date of expiry" деген бағандардағы күндер араб цифрларымен күні/айы/жылы тізбектілігімен көрсетіледі (күні мен айы екі таңбалы, ал жылы төрт таңбалы болып жазылады.);

5) "Туған жері" деген бағанда ТЖК иесі туған мемлекеттің, облыстың, қаланың атауы көрсетіледі. Жазу жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген ТЖК иесінің туған жері туралы деректер негізінде жүргізіледі.

ТЖК иесі туған мемлекетті көрсету кезінде "/" белгісі арқылы ағылшын тілінде мемлекеттің аббревиатурасы немесе оның атауы көрсетіледі.

6) "Ерекше белгілер/Special physical characteristics" деген бағанда жеке басын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін ТЖК иесінің кез келген ерекше белгілері көрсетіледі ;

7) "Беруге рұқсат ету/Authorized by" деген бағанда ТЖК беруге рұқсат еткен адамның лауазымы, аты-жөні және тегі көрсетіледі;

8) "Қолы/Signature" деген бағанда ТЖК беруге рұқсат еткен лауазымды адамның қолы қойылады;

9) "Құжат берген мекеменің мекенжайы /Authority address" деген бағанда ТЖК берген мекеменің атауы, оның пошталық мекенжайы, телефон нөмірі және электрондық пошта мекенжайы көрсетіледі;

10) "Үйлестіру орталығы/ Coordination center" деген бағанда үйлестіру орталығының телефон нөмірі, электрондық поштасы мен интернет-ресурсының мекенжайы көрсетіледі;

11) Өтініш берушінің фотосуреті мен жеке қолы мекеменің техникалық құралдарын пайдалана отырып, ТЖК-ге енгізіледі. Бұл ретте өтініш берушінің өз қолы өтініш-сауалнамадағы қолынан сканерленеді.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 25.08.2018 № 520 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. ТЖК-ні беру және ауыстыру тәртібі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. ТЖК-нің толтырылған бланкісі, өтініш беруші ұсынған құжаттар және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес қорытынды ТЖК беру туралы шешім қабылдауға уәкілетті ПТӘ-нің лауазымды тұлғасына жіберіледі. Қарау нәтижелері және ТЖК-ні беру туралы шешім көрсетілген қорытындының "ТЖК-ні беру туралы белгі" деген бөліміне енгізіледі.

24. ТЖК өтініш берушіге жеке басын куәландыратын құжатын ұсынған кезде ТЖК-ні беру журналына қол қойғыза отырып, жеке өзіне беріледі.

ТЖК-ні беру алдында ТЖК толтырылуының дұрыстығын тексеру және ТЖК-ге енгізілген биометрикалық деректерді пайдалана отырып, ТЖК иесі жеке басының сәйкестігін тексеру жүргізіледі. Өтініш берушінің талап етуі бойынша ПТӘ ТЖК-ға енгізілген арнайы техникалық құралдарсыз оқылмайтын оған қатысты кез келген деректерді тексеруге мүмкіндік беретін жабдыққа рұқсат беруді қамтамасыз етеді.

Өтініш-сауалнама берілген ТЖК туралы деректер оған енгізілгеннен кейін сканерленеді және ПТӘ-нің электрондық деректер қорында, ал өтініш-сауалнаманың түпнұсқасы ПТӘ-нің арнайы ісінде сақталады.

Берілген ТЖК туралы ақпарат ПТӘ-нің электрондық деректер қорына енгізіледі және үйлестіру орталығына жіберіледі.

25. Өтініш беруші осы Қағидалардың 6-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсынбаған жағдайларда және ТЖК-ні беру туралы оң шешім болған кезде өтініш берушіге оның құжаттарын қабылдағаннан кейін сегіз жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес ТЖК-ні ресімдеу туралы анықтама және ПТӘ растаған ресімделген ТЖК бет жағының көшірмесі беріледі.

ТЖК-ні ресімдеу туралы анықтама осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес ТЖК беруді есепке алу журналына қол қойғыза отырып өтініш берушіге беріледі. ТЖК-ні ресімдеу және ТЖК-ні ресімдеу туралы анықтаманы беру туралы деректер ПТӘ-нің электрондық дерекқорында сақталады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 02.03.2020 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26. Бұрын ТЖК-ні ресімдеу туралы анықтаманы алған өтініш берушіге ТЖК беру осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес ресімделген ТЖК беру туралы өтінішті және осы Қағидалардың 6-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсынған кезде жүзеге асырылады.

27. Түзетулері бар ТЖК-ні беруге жол берілмейді. Толтыру кезінде бүлінген ТЖК бланкілері есептен шығарылады және акті бойынша жойылады.

28. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

29. ТЖК-ні ауыстыру (жаңасын беру):

- 1) қолданылу мерзімі өткен;
- 2) жоғалған;
- 3) иесінің тегі, аты немесе әкесінің аты өзгерген;
- 4) ТЖК-де иесінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), оның туған күні және жері, азаматтығы, фотосуреті, ТЖК берген органның атауы, берілген күні, нөмірі және

қолдану мерзімі не құжатты қорғау дәрежесі туралы деректер болмаған не оларды сәйкестендіру мүмкін болмаған;

5) иесінің құқықтық мәртебесіне сәйкес келмеген;

б) жынысын өзгерткен жағдайларда жүзеге асырылады.

30. ТЖК-ні ауыстыру (жаңасын беру) бұрын берілген ТЖК тапсырғаннан немесе оны иесі жоғалтқан болса, ТЖК-ні жарамсыз деп жариялағаннан кейін жүзеге асырылады және бастапқы беру кезінде осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

ТЖК жоғалған жағдайда оның иесі үш жұмыс күні ішінде жеке немесе кеме капитаны арқылы бұл туралы үйлестіру орталығына немесе электрондық деректер қорына оның жоғалғаны туралы ақпарат енгізетін ПТӘ-ге жазбаша хабарлауы тиіс.

31. ТЖК-ні ауыстыру (жаңасын беру) туралы ерікті нысандағы өтінішті өтініш беруші осы Қағидалардың 29-тармағына сәйкес ТЖК-ні ауыстыру (жаңасын беру) үшін негіздемені көрсете және осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса беріп, ПТӘ-ге осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген ТЖК-ні ресімдеу мерзімін және кеме иесімен еңбек шартында көзделген кемеде жұмыс істеу ұзақтығын ескере отырып, алдын ала береді.

4. ТЖК-ні тапсыру, алып қою және жою тәртібі

32. Иесінің ТЖК-ні тапсыруы:

1) ТЖК-ні ауыстырған;

2) ұлттық қауіпсіздік органдарынан бұдан бұрын берілген ТЖК-ні беруге келісуді кері қайтарып алу туралы хатты алған;

3) ТЖК иесінде Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

4) шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға құқығы тоқтатылған;

5) ТЖК иесінде қолданылу мерзімі аяқталмаған екінші ТЖК-нің болуы туралы ақпаратты алған жағдайларда жүзеге асырылады.

33. Иесінің ТЖК-ні тапсыруы жөніндегі шараларды қабылдауы мынадай ресімдерді қамтиды:

1) ТЖК иесін өзі алған ТЖК-ні ПТӘ-ге тапсыруды немесе ТЖК-ні пошта жөнелтілімімен ПТӘ-ге жіберуді бір мезгілде ұсына отырып, енді ол осы Қағидалардың 14-тармағында көзделген ТЖК иесіне қойылатын талаптарға жауап бермейтіні туралы хабардар ету;

2) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес ТЖК иесіне ТЖК-ні тапсыру туралы анықтама беру;

3) электрондық деректер қорына ТЖК-ні тапсыру туралы ақпаратты енгізу;

4) ТЖК-ні тапсыру туралы ұлттық қауіпсіздік органдарына хабарлау;

5) ТЖК-ні тапсыру туралы ақпаратты баспасөзге орналастыру.

34. ТЖК-ні қателесіп немесе заңсыз беру туралы ақпарат алынған жағдайда осы ақпарат ТЖК-ні беру үшін негіздердің болуын қайталап тексеру және ақпараттың дұрыстығы расталған жағдайда берілген ТЖК-ні иесінің тапсыруы жөнінде шаралар қабылдау мақсатында үйлестіру орталығына немесе ПТӘ-ге жіберіледі.

35. Қазақстан Республикасынан тысқары жерде тұрақты тұратын ТЖК иелері кейіннен ТЖК берген жер бойынша жіберу үшін оларға тұруға құқық берген мемлекеттегі Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелеріне ТЖК-ні бес жұмыс күні ішінде тапсырады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығын жоғалтқан, Қазақстан Республикасынан тысқары жерде тұратын шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар кейіннен ТЖК берген жер бойынша жіберу үшін болу еліндегі Қазақстан Республикасының шетелдік мекемесіне ТЖК-ні бес жұмыс күні ішінде тапсырады.

Кемеден шетел азаматтарын немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды шығарған жағдайда ТЖК күнтізбелік бір айдың ішінде оны алған жеріне тапсырылады.

Табылған ТЖК және қайтыс болған адамдардың ТЖК үйлестіру орталығына немесе мекенжайы ТЖК-де көрсетілген ПТӘ-ге жіберіледі.

36. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен ТЖК-ні алдын ала тергеу, анықтау органдарының лауазымды тұлғалары, сондай-ақ әкімшілік іс жүргізу және азаматтықты жоғалтуды ресімдеу барысында лауазымды тұлғалар алып қояды.

ТЖК-ні алып алып қою туралы ақпарат бес жұмыс күні ішінде үйлестіру орталығына жолданады. Азаматтықты жоғалтуды ресімдеу кезінде алып қойылған ТЖК бес жұмыс күні ішінде ПТӘ-ге жолданады.

37. Осы Қағидалардың 32-тармағына сәйкес тапсырылған, сондай-ақ ТЖК-нің бланкілерін толтыру кезінде бүлінген ТЖК-ні жоюды ПТӘ басшысы тағайындаған комиссия жүзеге асырады.

ТЖК-ні жою туралы акті жасалады, онда жойылған ТЖК-нің нөмірлері көрсетіледі. Актіге комиссия мүшелері қол қояды және оны ПТӘ басшысы бекітеді.

Осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес ТЖК-ні беруді есепке алу журналында ТЖК-ні жою туралы, сондай-ақ 13, 14, 15-қосымшаларға сәйкес олар тіркелген басқа да журналдарға белгілер қойылады және ПТӘ-нің электрондық деректер қорына ақпарат енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
теңізшісінің жеке куәлігін
ресімдеу, беру, ауыстыру,
тапсыру, алып қою және жою
қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 02.03.2020 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

_____ (өтініш-сауалнаманы келісуге жіберетін мекеменің атауы мен мекенжайы)
20 ___ ж. ___ № _____

Фотосурет үшін орын

Теңізшінің жеке куәлігін беру туралы ӨТІНІШ-САУАЛНАМА

1. Тегі, аты, әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), егер олар өзгертілсе, қашан және қайда)

2. Туған жылы, айы, күні _____

3. Жынысы _____

4. Туған жері _____

(республика, облыс, елді мекен)

5. Тұратын (тіркелген) жері _____

(индексі, республика, облыс, елді мекен, көше, үй, пәтер, телефон)

6. Азаматтығы _____

7. Басқа мемлекеттің азаматтығы (егер бар болса көрсету) _____

8. Жеке басын куәландыратын негізгі құжат
сериясы _____ нөмірі _____ 20 ___ ж. _____ берді

_____ (кім берді)

9. Шетелдік паспорт (егер бар болса) сериясы _____ № _____

20 ___ ж. " ___ " _____ берді _____ (кім берді)

10. Теңізшінің жеке куәлігін алу: бастапқы, пайдаланғанның, бүлінгеннің, жоғалғанның орнына (қажеттісін сызу).

11. Оқу орындарында оқуды және әскери қызметті қоса алғанда, еңбек кітапшасынан және теңізде жүзу кітапшасынан соңғы бес жылдағы еңбек қызметі туралы үзінді көшірме:

Айы және жылы	Қысқартылмай министрлік (ведомство), әскери бөлімнің нөмірі көрсетіледі, лауазымы және жұмыс орны	Кәсіпорынның, ұйымның, әскери бөлімнің тұрған жері (мекенжайы)
түсуі	шығарылуы	

(Өтініш-сауалнаманың екінші жағы)

Айы және жылы	Қысқартылмай министрлік (ведомство), әскери бөлімнің нөмірі көрсетіледі, лауазымы және жұмыс орны	Кәсіпорынның, ұйымның, әскери бөлімнің тұрған жері (мекенжайы)
түсуі	шығарылуы	

20 __ ж. " ____ " _____ (өтініш берушінің қолы) (күні)

Мен, _____ өзімнің жеке деректерімді, (тегі, аты, әкесінің аты)

саусақ таңбаларының биометриялық шаблондарын және цифрлық фотосуретті пайдалануға, соның ішінде оларды шет мемлекеттердің иммиграциялық және басқа да құзыретті органдарына беруге, қажет болған кезде теңізшінің жеке куәлігін пайдалана отырып, менің жеке басымды сәйкестендіруге байланысты мәселелерді менің мүддемде шешуге рұқсат етемін.

20 __ ж. " ____ " _____

(күні) (өтініш берушінің қолы)

Құжаттарды қабылдау күні 20 __ ж. " ____ " _____ Тіркеу № _____

_____ (өтініш-сауалнаманың қабылдаған (қолы, тегі, аты-жөні)

адамның лауазымы)

№ KAZ _____ 20 __ ж. " ____ " _____

(нөмірін көрсету) (берілген күні)

Теңізшінің жеке куәлігі берілді

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру

тапсыру, алып қою және жою
қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді- ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20 __ ж. _____ № _____

Кеме иесінің немесе ұйымның теңізшінің жеке куәлігін беруге

№ _____ ҰСЫНЫСЫ

_____ (Теңіз порты әкімшілігінің басшысына)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (егер болса))

(туған күні және жері, азаматтығы)

_____ теңізшінің жеке куәлігін беруді сұраймын
ерекше белгілері _____

_____ лауазымына тағайындалған

(кеме атауы, кеме иесі)

жұмыс орнының ұсынылғанын куәландыратын құжаттар

Негіз:

_____ 20__ ж. " ____ " _____ № ____ бұйрық

(лауазымы) (қолы) (аты-жөні, тегі)

М.О.

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру

тапсыру, алып қою және жою
қағидаларына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді- ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ҚОЛХАТ-ХАБАРЛАМА

_____ берілді

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

20__ ж. " ____ " _____ одан мынадай құжаттар қабылданды:

Р/с №	Құжаттың атауы	Саны
1	2	3

Ұсынылған құжаттардың жиыны: _____ дана

Құжаттар 20__ ж. " ____ " _____ № ____ болып тіркелді

(құжаттарды тіркеу күні)

Теңізшінің жеке куәлігін беру үшін ПТӘ-ге мынадай құжаттарды ұсыну қажет: _____

_____ (өтініш берушінің аты-жөні, тегі) (қолы)

(құжаттарды қабылдаған лауазымды тұлғаның лауазымы, аты-жөні, тегі) (қолы)

20 ____ ж. " ____ " _____

(күні)

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру

тапсыру, алып қою және жою
қағидаларына
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Теңізшінің жеке куәлігін беруге келісулерді есепке алу журналы

P/c №	Тегі, аты, әкесінің аты	Келісуге жіберілген күні	Ұлттық қауіпсіздік органының ТЖК беруді келісу күні және нөмірі	Келісу нәтижесі (келісілді немесе келісуден бас тартылды)	Келісу нәтижелері туралы өтініш берушіге пошталық хабарламаны жіберу күні
1	2	3	4	5	6

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру

тапсыру, алып қою және жою
қағидаларына
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Теңізшінің жеке куәлігін ресімдеу және беру үшін негіздерді тексеру нәтижелері туралы **ҚОРЫТЫНДЫ**

Өтініш беруші _____

(тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), азаматтығы, туған күні және жері)

(жеке басты куәландыратын құжат №, берілген күні, кім берген)

P/c №	Теңізшінің жеке куәлігін беру үшін негіздер	Негіздерді тексеру нәтижелері
	Қазақстан Республикасы азаматтығының, шетел	

1	азаматтарының және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалардың тұруға ықтиярхаттың болуын қоса алғанда, өтініш берушінің жеке басын тексеру	
2	Өтініш берушінің теңіз кемесінде жұмыс істейтінін растайтын құжаттар	
3	Өтініш берушіде теңізшінің екінші жеке куәлігінің болмауы	
4	Теңізшінің жеке куәлігін беруді ұлттық қауіпсіздік органымен келісу	20__ ж. " __ " _____ № _____

Теңізшінің жеке куәлігін беру үшін негіздердін тексеру нәтижесінде өтініш беруші
_____ анықталды (теңізшінің жеке куәлігін беруді ресімдеуді, беруді немесе оны беруден бас тартуды негіздейтін қысқаша қорытынды)

(Тексеру жүргізген қызметкердің лауазымы) (қолы) (тегі, аты-жөні)

ТЖК БЕРУ ТУРАЛЫ БЕЛГІЛЕР

(ТЖК-ні ресімдеу туралы немесе ТЖК-ні беруден бас тарту туралы анықтамалар)
Қорытындыны бекітемін (бекітпеймін). Теңізшінің жеке куәлігін (ТЖК-ні ресімдеу туралы анықтаманы) беруге рұқсат етемін (рұқсат етпеймін) (қажетсізін сызып тастау):

ТЖК берілді (ресімделді) (қажетсізін сызып тастау)

№ **KAZ** _____ 20__ ж. " __ " _____

(берілген күні)

(лауазымы) (қолы) (аты-жөні, тегі)

20__ ж. " __ " _____

(күні)

Теңізшінің жеке куәлігі 20__ ж. " __ " _____ дейін жарамды.

Теңізшінің жеке куәлігін беру журналында тіркелді

№ _____ реттік № _____

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру

тапсыру, алып қою және жою
қағидаларына
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20__ ж. "___" _____ № _____

**Теңізшінің жеке куәлігін беруден бас тарту туралы
ХАБАРЛАМА**

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

(туған күні және жері, азаматтығы)

20__ жылғы "___" _____ № _____ теңізшінің жеке куәлігін беру туралы өтініш-сауалнаманы қарау және теңізшінің жеке куәлігін беру негіздерін тексеру кезінде теңізшінің жеке куәлігін беру үшін мынадай негіздің жоқ екені анықталғаны туралы хабарланады,

(жоқ негізді көрсету)

оның міндеттілігі осы Қағидалардың 16-тармағымен айқындалған, осыған байланысты теңізшінің жеке куәлігін беруден бас тартылды.

(теңізшінің жеке куәлігін беруден бас тартуды

мойнына алған ұйымның атауы және мекенжайы)

Теңізшінің жеке куәлігін беруден бас тарту туралы шешімнің тіркеу нөмірі және күні: 20__ ж. "___" _____ № _____

(лауазымы) (қолы) (аты-жөні, тегі)

М.О.

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру

тапсыру, алып қою және жою
қағидаларына
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20__ ж. _____ шығ. № _____

Теңізшінің жеке куәлігін ресімдеу туралы АНЫҚТАМА

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

_____ (туған күні және жері, азаматтығы)

_____ (ұсынымы бойынша дайындық деңгейі мен денсаулық жағдайының

_____ теңіз кемелерінің экипаж мүшелеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын теңізшінің жеке куәлігі немесе құжаттары ресімделген ұйым атауын көрсету)

_____ негізінде берілді

Теңізшінің жеке куәлігі ресімделді № **KAZ** _____

(нөмірін көрсету)

Теңізшінің жеке куәлігін ресімдеу күні 20 __ ж. " __ " _____

Куәлік 20 __ ж. " __ " _____ дейін жарамды

(күні)

Теңізшінің жеке куәлігі теңіз кемесінің бортында жұмыс істейтінін куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін берілуге жатады.

_____ (лауазымы) (қолы) (тегі, аты-жөні)

М.О.

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру

тапсыру, алып қою және жою
қағидаларына
8-қосымша

Ескерту. 8-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Теңізшінің жеке куәліктерін беруді есепке алу журналы

Р/с №	ТЖК нөмірі	Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты	ТЖК-ні беруге ұсынған ұйым (немесе жазбаша өтініш)	ТЖК-ні ресімдеу туралы анықтаманы алу күні және қолы	Кеме бортында жұмыс істейтінін куәландыратын құжат	ТЖК-ні беру күні	ТЖК-ні алу туралы қолы	ТЖК-ні жарамсыз деп тану немесе ТЖК-ні алып қою күні	ТЖК-ні жою туралы актінің нөмірі және күні	Ескертпе
-------	------------	--	--	--	--	------------------	------------------------	--	--	----------

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру

тапсыру, алып қою және жою
қағидаларына
9-қосымша

Ескерту. 9-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ресімделген теңізшінің жеке куәлігін беру туралы ӨТІНІШ

(Теңіз порты әкімшілігінің басшысына)

(тегі, аты, әкесінің аты (егер болса))

(туған күні және жері, азаматтығы)

жұмыс істеушінің _____

ерекшеліктері _____

(лауазымы мен кемең атауы, кеме иесі)

Бұдан бұрын ресімделген № **KAZ** _____

(нөмірін көрсету)

(ТЖК-ні ауыстыру кезінде тапсыруға жататын ТЖК-нің нөмірін, кім және қашан бергенін көрсету)

_____ ТЖК-ні беруді сұраймын

Теңіз кемесінде жұмыс істейтінімді куәландыру үшін мынадай құжаттарды ұсынамын:

(ұсынылған құжаттарды, олардың нөмірлері, қашан және кім бергенін атап көрсету)

20 __ жылғы " ____ " _____

(күні) (қолы) (тегі, аты-жөні)

ТЖК-ні БЕРУ ТУРАЛЫ БЕЛГІЛЕР
(немесе ТЖК-ні беруден бас тарту)

Теңізшінің жеке куәлігін беруге рұқсат беремін (рұқсат бермеймін) (қажетсізін сызып тастау).

ТЖК берілді (ресімделді) (қажетсізін сызып тастау)

№ **KAZ** _____ 20__ ж. " ____ " _____
(нөмірін көрсету) (берілген күні)

(ТЖК-ні беру туралы шешім қабылдаған (қолы) (тегі, аты-жөні)

тұлғаның лауазымы)

20__ ж. " ____ " _____

(күні)

ТЖК 20__ ж. " ____ " _____ дейін жарамды.

ТЖК-ні беру журналында тіркелді № _____ реттік № _____

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру

тапсыру, алып қою және жою
қағидаларына
10-қосымша

Ескерту. 10-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20__ ж. " ____ " _____

Теңізшінің жеке куәлігін тапсыру туралы АНЫҚТАМА

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

_____ берілді

(азаматтығы, туған күні және жері)

_____ берген,

(теңізшінің жеке куәлігін берген мекеменің атауы)

20__ ж. " ____ " _____ 20__ ж. " ____ " _____ дейін жарамды теңізшінің

(куәлікті беру күні)

жеке куәлігі _____

(нөмірін көрсету)

осы Қағидалардың 35-тармағында көзделген _____ негіз бойынша,

(негізді көрсету)

20__ ж. " ____ " _____ алып қойылды _____

(күні) (куәлікті алып қою орны)

және осы куәлікті берген мекемеге жіберілді.

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты-жөні)

М.О.

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру

тапсыру, алып қою және жою
қағидаларына
11-қосымша

Ескерту. 11-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Теңізшінің жеке куәлігінің бланкілерін есепке алу журналы

Р/с №	Қабылдау күні	Негіз	Түскені		Жұмсалғаны		Қалғаны	
			саны	№ ----- бастап ___ дейін	саны	№ ----- бастап ___ дейін	саны	№ ----- бастап ___ дейін
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру

тапсыру, алып қою және жою
қағидаларына
12-қосымша

Ескерту. 12-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Теңізшінің жоғалған жеке куәліктеріне есепке алу журналы

Р/с №	Жоғалған ТЖК нөмірі	ТЖК-нің берілген күні және қолданылу мерзімінің аяқталатын күні	ТЖК берген мекеменің атауы	ТЖК иесінің тегі, аты, әкесінің аты	ТЖК-ні жою күні, орны және мән-жайлары	Жоғалғанның орнына ТЖК беру туралы шешім, берілген ТЖК-нің №
1	2	3	4	5	6	7

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру

тапсыру, алып қою және жою
қағидаларына
13-қосымша

Ескерту. 13-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Тапсырылған (алып қойылған) теңізшінің жеке куәліктерін және қолданысы тоқтатыла тұрған теңізшінің жеке куәліктерін есепке алу журналы

P/c №	ТЖК №	ТЖК-нің қолданылу мерзімінің аяқталатын күні	ТЖК иесінің Т.А.Ә.	ТЖК-нің қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім		ТЖК-нің болу жері	ТЖК-нің қолданылуын тоқтата тұрудың туралы шешім	ТЖК-нің алып қою туралы шешім	ТЖК-нің тапсыру (алып қою) күні	ТЖК-нің жою туралы белгі	Ескертпе
				күні	себебі						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру

тапсыру, алып қою және жою қағидаларына
14-қосымша

Ескерту. 14-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қолданылу мерзімдері аяқталған теңізшінің жеке куәліктерін есепке алу журналы

P/c №	ТЖК №	ТЖК-нің қолданылу мерзімі аяқталған күн	ТЖК иесінің Т.А.Ә.	ТЖК-нің жою туралы белгі	Ескертпе
1	2	3	4	5	6

Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру

тапсыру, алып қою және жою қағидаларына
15-қосымша

Ескерту. 15-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Теңізшінің жеке куәліктері бланкілерінің кірісі және шығысы туралы есеп

Р/с №	Т Ж К бланкілері алынған күн	Алынғаны		Жұмсалғаны		Қалғаны		Жойылғаны	Жоғалғаны
		саны	№ ----- бастап ----- дейін	саны	№ ----- бастап ----- дейін	саны	№ ----- бастап ----- дейін		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК